

**Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жөніндегі
емтихан комиссиясының отырысының
№2 ХАТТАМАСЫ**

Өткен орны: Бестамак ОМ

20.03.2024 жыл

Қатысқандар: А.Истегулова -комиссия төрағасы;

Ж.Аккалиева -комиссия хатшысы;

Қорытынды аттестаттау жөніндегі емтихан комиссиясының мүшелері;

Барлығы: 7 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес, 2023-2024 оқу жылындағы негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 және 11 сынып білім алушыларының міндетті қорытынды аттестаттауын өткізуге жауапты комиссия құрамын бекіту.
2. 9,11 сыныптарда қорытынды аттестаттау жөніндегі мектеп жанындағы комиссия құрамының жүргізілген жұмыстарының есебі.

ТЫНДАЛДЫ:

1. Бірінші сөз кезегін қорытынды аттестаттау жөніндегі емтихан комиссиясының төрағасы А.Истегулова алып, төмендегідей мәлімдеме жасады.

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 59,60-тармағына және 80 тармағына сәйкес жұмыстарымыз қаңтар, ақпан айларында жүргізілді. 2023-2024 оқу жылындағы негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 және 11 сынып білім алушыларының міндетті қорытынды аттестаттауын өткізуге жауапты комиссия құрамын бекітіп, мектепшілік бұйрық шығарылуы керектігі айтылды. 9,11 сынып бойынша білім алушылардың тізімі қалыптасып, таңдау пәндері бекітілген болатын, осы бекітілген пәндерден және өзге де жалпы таңдау пәндеріне қорытынды аттестаттауды өткізуге жауапты комиссия құрамы бекітіледі. Оған қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, физика, биология, химия, информатика, құқық, тарих, география пәндерінің мұғалімдері, барлық негізгі пәндер бойынша пән мұғалімдері енгізіледі.

Келесі мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Аккалиева төмендегідей мәлімдеме жасады:

- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 59,60-тармағына және 80 тармағына сәйкес мектеп жанындағы комиссия мүшелері қаңтар-наурыз айында жұмыстар жүргізді. Ақпан айында 9,11 сыныптың білім алушыларына және мектеп мұғалімдеріне осы оқу жылындағы мемлекеттік қорытынды аттестаттау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Наурыз айында бітіруші сыныптардың ата-аналарына қорытынды аттестаттау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар наурыз айының біріне дейін 11-сыныптардың тізімі қалыптастырылып, таңдау пәндері бекітілді. ҰБТ-ға қатысушылардың саны білім бөліміне қаңтар және ақпан айында жіберілді. Жасалған жұмыстар әлеуметтік желілерге салынды. Қорытынды аттестаттауға дайындық кестесін құрылып, бекітілді, ұстаздарға таныстырылды.

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2023-2024 оқу жылындағы негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9 және 11 сынып білім алушыларының міндетті қорытынды аттестаттауын өткізуге жауапты комиссия құрамын бекітілсін.
2. Мектеп жанындағы комиссия құрамының жұмыстары әлі де жалғасын тапсын, әлеуметтік желілерге жариялансын, қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары бақылауға алынсын.

Комиссия төрағасы **А. Истегулова**

Комиссия хатшысы **Ж. Аккалиева**

